



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№155
(20031)



15 қазан, бейсенбі 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

МАРАПАТ



2 Еріктілік қоғамды өркендетке бастайды

БРИФИНГ



3 Бес мың тонна күріш экспортталды

АБАЙ – 175



4 Сахна жауһарының жарығы

ЭКОЛОГИЯ



4 Таза ауа жұтып жүрміз бе?

● ПРЕЗИДЕНТ

"КОНСТИТУЦИОНАЛЫҚ ЖОЛҒА ҚАЙТҚАНЫ ҚУАНТАДЫ"



Бауырлас Қырғыз еліндегі жағдайдың біртіндеп конституционалдық жолға қайтқаны қуантады. Бұл туралы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter-де жазды.

«Президент С.Жәнібеков – мемлекеттің легитимді басышы. Сондықтан оның қақтығыстарды тоқтатып, елдегі ахуалды қалыпқа келтіруге бағытталған әрекеттерін қолдаймын. Қазақстан үшін Қырғызстандағы тұрақтылық стратегиялық серіктес әрі одақтас ретінде маңызды. Бауырлас Қырғыз еліндегі жағдайдың біртіндеп конституционалдық жолға қайтқаны қуантады. Біз барлық саяси күштерді қақтығыстардың алғашқы сәтінен-ақ сабырға шақырдық», - деді Мемлекет басышы.

● ПАРЛАМЕНТ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНДІРІСІНІҢ КӨЛЕМІ АРТҚАН

Сенат депутаттары агроөнеркәсіп кешенін одан әрі дамыту мәселелерін талқылады. Бүгінде елімізде азық-түлік өндірісінің көлемі 12%-ке артып, 1629 млрд теңгені құрап отыр. Сонымен қатар отандық өндірістің ішкі тұтынуындағы үлесі 80%-тен асты.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша 2016-2019 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы өнімдері мен оның қайта өңделген өнімдерінің экспорты бір жарым есе ұлғайды.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің депутаттары парламенттік тыңдау қарсаңында ауыл шаруашылығы министрлігінің өкілдерімен кездескен болатын. Депутаттар кездесу барысында биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 4,9%-ке артып, 2,4 трлн теңгені құрағаны туралы хабарлар болды.

Парламент депутаттары сондай-ақ субсидиялау бағдарламасын дамыту, ауыл кәсіпкерлері үшін салықтық жеңілдіктер бойынша мүмкіндіктерді кеңейту қажеттігін атап өтті. «ҚазАгро» холдингінің ақпараттары бойынша, биылғы жылдың 9 айында несиелендіру мен лизингті қоса алғанда, агроөнеркәсіп кешенін қаржыландыру көлемі 325,1 млрд теңгеге жетті.

● ҮКІМЕТ

ӨСУДІҢ ОҢ СЕРПІНІ САҚТАЛУДА

ҚР Премьер-Министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының және 2020 жылғы қаңтар-қыркүйектегі республикалық бюджеттің атқарылуының қорытындылары қаралды.

Экономиканың базалық салаларында қабылданып жатқан шаралардың арқасында осы жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша өсудің оң серпіні сақталуда. «Жалпы, Қазақстан экономикасы пандемия мен жаһандық экономикалық дағдарыстың елеулі әсеріне қарамастан, нақты секторда да, қызмет көрсету саласында да көрсеткіштердің өсуі бар», деді А. Мамин.

Үкімет басышы өңірлердің әкімдеріне Мемлекет басышы алға қойған барлық міндеттерді тиімді іске асыруды қамтамасыз ету үшін жұмысты жандандыруды тапсырды. «Бюджеттің кіріс бөлігіне қатысты жыл соңына дейін бекітілген жоспардың 100% орындалуына қол жеткізу қажет. Қазіргі жағдайда бюджеттің атқарылуы тұрғысынан орталық және жергілікті органдардың басшылары жыл соңына дейін тиімді және уақытылы игеруді қамтамасыз етуі тиіс. Жыл соңына дейін 3 ай қалды және барлық жобаларды аяқтап, жоспарларды іске асыру үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажет», - деп атап өтті Премьер-Министр.

● САРАП

МЕДИЦИНА: кадр тапшылығы қалай шешіледі?

Облыстың денсаулық сақтау саласында өткен жылдың 1 қаңтарында 170 дәрігер жетіспесе, биыл 1 қыркүйектегі көрсеткіш бойынша 137 дәрігерге сұраныс бар.

Сb Айдана ЖУМАДИНОВА, «Сыр бойы»

Алдымен айта кету керек, бұл – Сыр елінде ғана емес, тұтас республикаға ортақ мәселе. Тіпті, біздің өңірге қарағанда солтүстікте маман тапшылығы қатты байқалады. Мұның бір себебі биылғы эпидемиологиялық ахуалға байланысты. Бұл туралы Мемлекет басышы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Пандемияға орай эпидемиолог, инфекционист, реаниматолог, пульмонолог, кардиолог сияқты сирек мамандық иеленетін дәрігерлерді даярлау мәселесі өткір қойылып отыр. Үкіметке медицина мекемелерін кадрлармен қамтамасыз етуге арналған ұзақ мерзімді (он жыл) болашақ әзірлеуді тапсырамын» деген болатын.

Маман неге жетіспейді? Әсіресе қандай дәрігерлерге зәрүміз? Мәселені шешу үшін қандай шаралар жасалуда?

4-бет



● САПАР

АУЫЛДЫҢ КӨСЕГЕСІ КӘСІППЕН КӨГЕРЕДІ



Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова жұмыс сапарымен Қармақшы, Жалағаш аудандарында болды. Осы аудандарға қарасты ауылдарға барған аймақ басшысы кәсіпкерліктің дамуы мен өндіріс саласына баса мән берді. Сонымен қатар, шаруашылықтардың егін жинау барысымен танысып, әлеуметтік нысандардың жұмысын көрді.

Сb Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

«ТҮРМАҒАМБЕТТІҢ» «БЕРЕКЕСІ»

Қармақшы ауданы Дауылкөл ауылдық округіндегі «Турмағамбет» серіктестігі ауылшаруашылық саласымен қатар өндірісті де қолға алған. Соңғы жылдары соны технологияларды қолданысқа енгізген шаруашылық сүт өңдеу цехын ашқан болатын. Бүгінде қоршауға арналған тор сымдар мен макарон өнімдерін шығаруды қолға алды. Гүлшара Наушақызы тыңнан түрең салған серіктестіктің жұмысымен танысты.

– Қазір күріштің көп бөлігін жинап, қамбаға құйып үлгердік. Орташа өнім гектарына 60 центнерден келіп жатыр. Келер жылы

мақсарыны мол егіп, май сығатын қондырғыны іске қоссақ деп жоспарлап отырмыз. Әзірге макарон цехы мен сым қоршау станогы жұмыс істеп тұр. Шаруашылық алқалтты қоршауды өзімізден бастап жатырмыз. Болашақта ауыл халқына қолжетімді бағамен ұсынамыз. Ал макарон цехында «Береке» атымен өнім шыға бастады. Ауылдағы жаңа бастама елге берекелі болсын деп, ырымдап ат қойдық, – дейді серіктестік директоры Нұржан Пірмантаев.

Цехта макаронның бес түрі шығарылады. Бес адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бір ауысымда 700 келі өнім өндіреді. Облыс әкімі цехтың жұмысына оң бағасын берді.

2-бет

ЕЛДІ ҚОРҒАУ – ЕРДІҢ ІСІ

Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудың күзгі маусымы 1 қыркүйектен басталып, желтоқсан айының соңына дейін жалғасатын болады. Осыған сәйкес, Сыр елінен күзгі мерзімде 770 азамат әскерге аттанады. Бүгінде оның 111-і әскер қатарына қосылған.

Сb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Қалған командалар бекітілген кестеге сәйкес жіберілетін болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басышы Медет Усейін мен Қызылорда облысы ҚЖД мерзімді әскерге шақыру бөлімінің бастығы Нұржан Мелдебеков хабарлады.

– Биыл өңірде әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шараларға жергілікті бюджеттен 200 миллион теңге көлемінде қаражат бөлінді. Аталған қаражат дәрігер мамандардың еңбекақысына, әскерге шақырылушыларды тасымалдауға, облыстық, қала және аудандық шақыру пункттерін күтіп-ұстауға, сондай-ақ,

жетіспейтін медициналық материалдық-техникалық құралдар мен шығыс материалдарын сатып алуға, үш мезгіл ыстық тамақпен қамтуға жұмсалды. Қазір медициналық комиссиялар білікті дәрігер-мамандармен, медициналық құралдармен толық қамтамасыз етілді, – деді басқармасы басышы.

Жас сарбаздар әскери борышын ҚР Ұлттық Ұлан қызметінде және ҚР Қарулы күштері қатарында да өтейтін болады. – Азаматтарды жөнелту жұмыстары барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып жүргізілуде. Аудандық, қалалық шақыру пункттерінде және облыстық жиын пунктінде санитарлық посттар қойылды. Олардың



барлығы арнайы медицина мамандарымен қамтамасыз етілген. Поста келген әрбір әскерге шақырылушыны санитарлық нормаға сай тексеріп, аудандық, қалалық және облыстық медициналық комиссиядан өтуге жібереді, – деді майор Нұржан Беркімбайұлы.

ЖӨРМЕНКЕ ӨТЕДІ

2020 жылғы 17 қазан күні Жалағаш және Қармақшы ауданы әкімдіктерінің ұйымдастыруымен ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрменкесі төменде көрсетілген орындарда өткізіледі. Басталуы сағат 09.00.

Жалағаш ауданы – Ә.Қашаубаев көшесінің бойы (Жетікөл көшесімен қиылысы)

Қармақшы ауданы – «Журба» көшесінің бойы (Сахи Романов көшесі мен Саламатов көшесінің аралығы).

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Сыр елінің орман шаруашылығы қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – орман шаруашылығы қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Орман – еліміздің баға жетпес байлығы, халықтың дәулеті, теңдесі жоқ экономикалық және экологиялық қорымыз.

Қазақстанның шөлді аймағында орналасқан Қызылорда облысы үшін орман шаруашылығының өз орны бар.

Таныс-тіршілігіміз үшін маңызы зор саланы ыңғайтуда сіздер білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде өзгерте үлгінеге болып, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық және орман шаруашылығы салаларының дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер.

«Атадан мал қалғанша, тал қалсын» дейді даналарымыз.

Олай болса, Сыр елінің табиғатын сауықтандыру, орманды сақтау, қорғау мен молықтыруға әрі қарай да аянбай еңбек ете беретіңдеріңізге сенім білдіріп, қиындығы мен қызығы қатар жүрген еңбектеріңізге толайым табыс, шаңырақтарыңызға шаттық, құт-береке тілеймін!

Төл мерекелеріңіз тағы да құтты болсын! Еліміз өсенсі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, қоршаған ортамыз таза болсын!

Құрметпен, облыс әкімі Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА

● ЖЕДЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАР

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ

Облыстық «Рухани жаңғыру» орталығы мен Қызылорда қаласы тарихи музейінің ұйымдастыруымен өткен «Менің қалам – Қызылорда» атты шараға мүмкіндігі шектеулі жандар да қатысуда.

Өмір сүруге деген құштарлығы зор, көзқарасы ерекше жандар қалаишілік саяхатты облыстық тарихи-өлкетану музейінен бастады. Одан әрі бірқатар нысандарды аралап, қала тарихымен танысты. Сондай-ақ, «Рухани жаңғыру» орталығында болып қазақтың ұлттық тағамдары мен сусынның дәм татты. Экскурсия барысында қатысушылар қонаққа келді. «Асыл мұра-Орда» қоғамдық қорының аула клубының қызмет алушысы Раушан Жүсіпова жырдан шашу шашты. Қатысушылар өз кезегінде ұйымдастырушыларға алғыс білдіріп, игі бастамаға сәттілік тіледі. Мұндай жауапкершілігі мол шара алдағы уақытта да өз жалғасын табатын болады.

ЦИФРЛЫҚ ҚОЛТАҢБА ҚҰРАНЫС АРТТЫ

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, қызылордалықтар арасында онлайн түрде электронды үкімет порталы арқылы алынатын, ең көп тараған қызмет – электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу. Тек осы жылдың басынан бастап ХҚКО арқылы қала бойынша 71343 ЭЦҚ берілген.

Жалпы, облыс бойынша 202502 электронды цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алынған. Облыс тұрғындарының жалпы саны 780 мыңға жуық адамды құрайтынын ескере отырып, ЭЦҚ алу бүгінгі таңда ең танымал ғана емес, сондай-ақ, сұранысқа ие қызметке айналды деп айтуға болады.

Естеріңізге сала кетейік, қазір ЭЦҚ алу бұрынғыға қарағанда әлдеқайда ыңғайлы болды. Енді электрондық үкімет порталындағы «ЭЦҚ-ны қашықтан алу» сервисін пайдалану арқылы небәрі 5 минуттың ішінде ЭЦҚ алуға болады.

АУЫЛДЫҢ КӨСЕГЕСІ КӘСІППЕН КӨГЕРЕДІ

— Италиялық қондырғымен жұмыс істейміз. Аппараттан макарон дайындалып шығады. Оны жинап, кептіру бөліміне апарамыз. Ол жерде 12 сағат кепкеннен кейін қалтаға салынады. Жұмыс процесі өздеріңіз көріп отырғандай, — дейді цех меңгерушісі Бабахан Бөрібаев.

Облыс әкімі мұнан соң елді мекендегі «Сәлима ана» балабақшасына аялдады. Өткен жылы салынған балғынжай 88 орынға лайықталған. Десе де, карантин уақытында кезекші топ қана жұмыс істеп тұр. Бар-жоғы 29 бала тәрбиеленуде. Мұнда 13 маман жұмыс істейді.

— Қауіпті індеттің алдын алуға барлық қауіпсіздік шараларын сақтап отырмыз. Балалар бес түрлі сақтық шараларын жасайды. Ережеге сай жұмыс істейміз. Таңертең дене қызуын тексеріп қабылдап, белгілі бір уақыт аралығында беттерде мен қолғапты ауыстырып отырамыз, — дейді балабақша әдіскері Жанар Қаражанова.



Мұнан соң облыс әкімі аудан орталығы Жосалыда болып, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында ағымдағы жөндеуден өткен №6 «Айсулу» балабақшасының жұмысымен танысты.

Балғынжай 1975 жылы салынған. Мұнда 50 бала тәрбиеленуде. Жөндеуден кейін әрі кіріп, сәні артқан ғимараттың бүгінгі жай-күйі кісі қызығарлықтай. Жалпы аудан бойынша бағдарлама аясында 3,05 млрд теңгенің 43 жобасы қаржыландырылған. Нәтижесінде әлеуметтік нысандар жөнделіп, көшелерді жарықтандыру жұмыстары қарқын алды. Орташа жол жөндеу мен инфрақұрылым тарту да назардан тыс қалған жоқ. Спорт алаңдары салынып, абаттандыру жұмысы да қызы түсті.

— Бүгінде Төретам кентіндегі №22 қосалқы станция қайта жаңғыртылуда. Ең негізгісі — осы. Бұдан бөлек, екі стрит-бол алаңы салынууда, 10 көшеге орташа жөндеу жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, орталықтағы Қорқыт ата көшесіне салынып жатқан жаяу жүргіншілер жолы да аяқталуға жақын, — дейді аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Айдын Әнуар.

Өңір басшысы 1200 орындық №250 мектеп-лицейінде оқушылар мен



АҚЖАРДЫҢ АЖАРЫ

Ақжар ауылының бүгінгі бет-бейнесі бөлек, жұмыс қызу. Ауылға кіреберістен бастап, көркейту-көгалдандыруға мән берілген. Елді мекендегі қос шаруашылық туған жердің түлеуіне аталысып келеді. Таяуда ғана «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы шеңберінде бірнеше көше жөнделіп көріктендірілген. Ауылда шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы қарқынды. Биыл 5 азамат мемлекеттік бағдарламалар бойынша қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізген. Одан бөлек, 10 адам «Бастау» бизнес мектебінде білімін жетілдірді. Ауыл әкімі Нұржамал Тұрсынбаева облыс әкімін атқарылған жұмыстармен таныстырды.

— Ауылда 8 азамат 22 млн теңгеден астам жеңілдетілген несие алды. Одан бөлек, ауыл келіншектерінің басын қосып, тігін цехын ашты. Қазір төсек жаймалары, қыз жасауы, перде тігіледі. Бірінші рет ауылдағы шаруашылық еңбеккерлері арнап жұмысшы киімдерін тікті. Бағасы да қалтаға қоныды. Оған қоса, кондитерлік өнімдер шығаруда. Бос тұрған ғимаратты қолданасық алып, кәсіпкерлер белсенділік танытты, — дейді ауыл әкімі.

Маңайдағы бірнеше ауылдан жұртшылыққа қажетті дүниелер шығарылууда. Оның барлығын клуб үйіндегі көрмеден байқадық. Мәселен, мұндағылар шеге, қораға арналған тікен сым, тор сым, аулаға қажетті тас төсеніш алу үшін облыс орталығына сабылмайды. Барлығы ауылдан шығып жатыр. Тұрғындардың еңбекке шегісіз үлгі тұтарлықтай. Екі мың халқы бар Ақжарда тігін цехының өзі халықаралық нарыққа шығып үлгерген.

— Өнімдерімізді Ресей, Өзбекстан секілді мемлекеттердің тұтынушылары да тапсырыспен алдырып жатыр. Тігінге қатысты барлық жұмысты орындаймыз. Қыз жасауынан бастап, перде, жұмысшы киіміне дейін тігеміз. Қазір заман дамыған. Әлеуметтік желіде жарнамалап, тапсырыс қабылдап отырмыз. Ауыл әкімі бастамашы болып, үйді отырған 8 келіншектің басын қосып, осы кәсіптің бойына қан жүгіртті. Ғимарат мәселесін де шешіп берді. Қазір табысымыз жақсы, — дейді Нұрғұл Әбішева.



ІЛКІМДІ ІСТЕР – ІЛГЕРІЛЕУ ДӘНЕКЕРІ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың сапары Жалағаш ауданында жалғасын тапты.

Сб Дәулет ҚЫРДАН, «Сыр бойы»

БАТЫР АУЫЛЫНДАҒЫ СПОРТ КЕШЕНІ

Өңір басшысы ауданға қарасты Бұқарбай батыр ауылында спорт кешенінің ашылу салтанатына қатысты. Аталған нысан елді мекендегі «Байтабын» серіктестігінің қаражатына салынған. Жалпы құны — 112 млн теңге. Ғимарат аумағы — 800 шаршы метр. Салтанатты шарада аймақ басшысы өңір кәсіпкерлерінің осындай өрелі істерге септесіп жүргеніне алғысын білдірді.

— Ел Президентінің Жолдауында да бұқаралық спортты дамыту мәселесі басты назарда тұр. Аймақта әртүрлі деңгейдегі

микалық жағдайымен танысып, тұрғындардың пікірін тыңдады.

АУЫЗСУ ҮЙДІ-ҮЙГЕ ЖЕТКІЗІЛДІ

Далабай елді мекенінің халқы алыстан шелектеп су таситын әбiгерден арылды. Бұл қуанышты сәтке облыс әкімі куә болды. Жақында ауылға ауыз су құбыры тартылып, үйді-үйге жеткізілді. Ауыл тұрғыны Өмірзақ Жалғасбаев:

— Бұл жерде 70 шақты үй, 400-дей халық тұрады. Бұрын осы ауызсу жинақталатын нысаннан таситынбыз. Үйге дейін біраз жер. Қысы-жазы шелектеп мұздыяяқ



2240 спорт нысаны бар. Биыл бір ғана Жаңақорған ауданында осы саланың 12 нысаны ашылууда. Бұл біздің бұқаралық спортқа қаншалықты маңыз беріп отырғанымызды айғақтайды. Ауыл спортшылары бұған дейін де биік белестерді бағындырған. Енді жаңа спорт кешенінде тәрбиеленген спортшылардың жеңіс туын желбірететініне сенемін. Осындай игі бастамалардың басы-қасында жүрген кәсіпкерлерге алғысым зор, — деді облыс әкімі.

Батыр бабаның атын иемденген ауыл жастары бұл нысанның ашылуына қуанышты. Серіктестік директоры Сапарбек Мыхановтың айтуынша, 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ.

— Ауылда бұған дейін спорт кешені болмаған. Балалардың жарысқа дайындалуына жағдай жасалмаған соң, қоғамымыз болсын деп бастаған ісіміз. Өткен жылдың соңына қарай қолға алып, шілде айында толық аяқталды. Енді осы нысаннан түлеген чемпиондар ел намысын қорғайды деп үміттеніп отырмыз, — дейді ол.

Облыс әкімі М.Шәменов ауылында Ә.Бердіұлы атындағы №34 орта мектепте болды. Аталған білім ошағы биыл пайдалануға берілген. Бүгінде мұнда карантинге байланысты 7 кезекші топ жұмыс істеп, оқушылар білім алып жатыр. Сонымен қатар аймақ басшысы Қарақеткен ауылында ардагерлермен кездесті. Елді мекеннің әлеуметтік-эконо-

болдық. Бүгін сол қиындықтың бәрі өткен шақтың еншісіне қалды. Үйімізде таза ауызсу ағып тұр, — дейді.

Айта кетейік, Жалағаш ауданына қарасты Мәдениет, Ақкүм елді мекендерінде де ауызсу құбыры жаңармақ. Оған 13,3 млн теңге қаржы қаралған.

Аудан орталығындағы «Жауказын» бөбекжай-бақшасының ғимараты алғашқыда балабақша болған. Десе де, уақыт талабына байланысты емханаға айналған. Ғимарат жетіспеген кез еді. Әйткенмен, жаңа емхана салынғалы бұл ғимарат иесіз қалды. Елдің игілігіне жарату үшін мұны қайта жаңғыртудан өткізіп, балабақшаға айналдыру мәселесі көтерілді. Бүгінде заманауи, сәнді 90 орындық бөбекжай болып, тұрғындарға есігін айқара ашты. Нысанның ашы-



Суреттер туғырмен Б.ЕСЖАНОВ.

ЕРІКТІЛІК ҚОҒАМДЫ ӨРКЕНИЕТКЕ БАСТАЙДЫ

Пандемия уақытында бірліктің үлгісін көрсете білген волонтерлер мен азаматтық қоғам өкілдері облыстық «Жастар ресурстық орталығында» бас қосты. Ауқымды шараға облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет қатысып, Президент пәрмен берген «Волонтер жылының» ерекшелігіне тоқталды.

Сб Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

— Өзгеге қол ұшын созу, жолдаушының құдайы қонақ деп қабылдап, асарлау — біздің қанымызға сіңген қасиет. Өрі ол қоғамды өркендетке бастайтын ниеті оң, жүрегі кең адамдардың жұмысы. Бұл бүгінде заманның көшіне еріп, талапқа сай түрленіп, волонтерлік деген атауға ие болды. Президент те биыл оған ерекше мән берді. Еліміздің түкпір-түкпірінде ауқымды бастамалар іске асырылды. Жыл басынан бері Сыр волонтерлерінің көмегімен өңірімізде 8451 мұқтаж отбасыға әлеуметтік көмек көрсетіліп, көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған 4870 отбасының мектеп жасындағы балаларына қажетті оқу құралдары табысталды. Шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылданғаннан бері өңірде «Сыр волонтерлері» орталығы құрылып, жұмылуудың жарқын үлгісін көрсеткенін айту керек. Бұл бағыттағы жұмыстарды облыстық «Жастар ресурстық

орталығы» жанындағы «Волонтерлердің фронт-офисі» де жүйелі жалғастырып келеді. Пандемия өршіген тұста олар басты қажеттілікке айналған — дәрі-дәрмек, бетперде, мұқтаж отбасыларға азық-түлік үлестіру, жоғалған азаматтарды іздеу ісінде де белсенділік танытты. Дәрігер нұсқамасы негізінде 210 қала тұрғыны дәрі-дәрмекпен 255 медицина қызметкерінің отбасы азық-түлік өнімдерімен, ауруханаларда үздіксіз еңбек еткен волонтерлерінің көмегімен өңірімізде 8451 мұқтаж отбасыға әлеуметтік көмек көрсетіліп, көпбалалы, әлеуметтік жағынан аз қамтылған 4870 отбасының мектеп жасындағы балаларына қажетті оқу құралдары табысталды. Шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылданғаннан бері өңірде «Сыр волонтерлері» орталығы құрылып, жұмылуудың жарқын үлгісін көрсеткенін айту керек. Бұл бағыттағы жұмыстарды облыстық «Жастар ресурстық



бастамашыл жас кәсіпкерлер, аса мейлін хатшылығы мүшелері, «Nur Otan» партиясы, «Жас Отан» жастар қанаты филиалы да үлес қосқан. Жас кәсіпкерлер де игі бастамалардың жанынан табылууда. Бірі онлайн оқыту кезінде мұқтаж отбасылардан шыққан оқушыларға қажетті смартфондары сыйға тартса, енді бірі халыққа тегін бетперде үлестіруге септігін тигізіп келеді. Республикада алғаш болып автоволонтер қызметін ұсынған Сыр жастарының еңбегі елеулі. Олардың қатарында қала тұрғыны Темірлан Жұбан бар. Бос уақытын игі іске арнаған ол бұл еңбегі үшін Алғыс хатқа ие болды.

Шарада Серік Әбжәліұлы әлемді дүрбеленге салған індет ешкімді бейжай қалдырмағанын,

осы тұста халық игілігіне қызмет еткен жастарға ерекше ризашылығын білдірді. Ринат Рыс, блогер Әлілет Әшірбекті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық алғысы» медалімен, өзге де волонтерлерді облыс әкімінің Алғыс хатымен марапаттады.

— Елдің қамын басты орынға қоятын азаматтардың арқасында біз індетті бірлесіп енсерудеміз. Президент те қайырымдылығын аямаған, қиын кезеңде бірліктің нағыз үлгісін көрсете білген бәрі азаматқа, азаматтық қоғам белсенділеріне, соның ішінде волонтерлерге ерекше алғысын білдіріп, «Халық алғысы» медалін табыстауда. Мұның бәрі — еткен еңбектің, төккен тердің жемісі. Министрлік те сіздердің қоғамдық негіздігі

ЖАУАПТЫ МАУСЫМ БАСТАЛДЫ

Облыста жылу беру маусымы әдеттегіден бес күнге ерте басталды. Бұл шешім ауа райына байланысты қабылданды. Оған қоса электр энергиясымен қамтамасыз ету бағытында қысқы маусымға дайындық барысы ойдағыдай жүргізілді.

— Қазір облыс бойынша 1185 әлеуметтік нысан мен көпқабатты 713 тұрғын үй орталықтандырылған жылу жүйесі қызметін пайдаланып отыр. Оның ішінде ғимараттардың 507-сі білім, 267-сі денсаулық, 411-і мәдениет және спорт салаларына қарайды. Біздің есебіміз бойынша әлеуметтік саладағы 1185 нысанға алдағы жылу маусымына 39,5 мың тонна қатты және 26 мың тонна сұйық отын қажет болатын. Оған қоса жергілікті тұрғындар үшін 163,6 мың тонна көмір отынына сұраныс бар. Бүгінде 113 мың тонна көмір жеткізілді. Біз көмір бағасының өспеуін қатаң қадағалап отырмыз. Бұл мақсатта көмір өндіретін кәсіпорындармен тікелей келісім-шарт жасауға назар аударылды, — деді облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысының орынбасары Ерлан Жаңабаяв

өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте.

Мәлім болғандай, тұрғындар мен әлеуметтік нысандарға көмірді сақтап, өткізу мақсатында 30 қойма дайындалған. Оның 5-і облыс орталығында болса, қалғаны аудандарда. Жылу беру маусымының алғашқы күндерінде Белкөл кентіндегі бірқатар тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысанларда проблема кездесті. Дегенмен, бұл мәселе бүгінде оң шешімін тауып, оларға жылу жеткізілді.

«СБ» ақпарат

Мемлекеттік сыйлықтың, «Парасат» ордені, бірнеше халықаралық, ұлттық әдеби сыйлықтардың иегері Сәбит Досанов «Достық үйінде» Сыр бойы қалагерлерімен, зиялы қауым өкілдерімен жүздесті.

Сб Фазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

«Халықтың ықыласынан артық құрмет жоқ»

Жиынның тізгінін ұстаған облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет жазушы Сәбит Досановтың 27 жасында-ақ қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың батасын алып, әдебиет әлемінен өзіндік орнын айшықтағанын атап өтті. Ел тәуелсіздігін арқау еткен «Тәуелсіздік арқауы» аталатын еңбегінен бөлек, «Қайырлы таң», «Дүние жалған», «Ақ аруана», «Жырымасыншы ғасыр» еңбектері арқылы оқырманға кең танымал қалагердің шығармалары әлемдік деңгейде насихатталып, лайықты бағасын алғанына тоқталды. Сонымен бірге, жазушының театр тақырыбына арнаған «Тау жолы» шығармасы мен «XXI ғасыр» роман-эпопеясын әлемдік сыншылар мойындаған. Ал, «Ақ аруана» туындысы француз тіліне аударылып, әлемдік бестселлер қатарына табыла-са, «Дауыл», «Ертең біром» атты драмалары елімізде және шетел театрлары сахналарында қойылды.

Кездесу сөз алған жазушы Сәбит Айтмұханұлы 50 томдық еңбектерін жазуда басынан кешкен қиындық кезеңдер жайлы терең тәжірибесін аңғартты.

Елден жырақ, шет елдерде талай кездесулер болды. Әлемге әйгілі тұлғалармен де жүздестім. Әйтсе де дәл бүгінгідей толқынған жоқ. Оның себебі, алты Алаштың анасы, Сыр сұлейлерінің шық-

қан топырағы болғандықтан шығар...

Ел ішін аралағанда ең алдымен, даланың дана қарттарын іздеймін. Сауаты болмаса да кеудесі қазынаға толы қарапайым қазақтың шалдарын көргім келеді. Біле білсек, рухани құндылығымыздың түп қазығы – сол қарияларда. Кезінде ұстазым С.Мұқанов: «Шығармашылық еңбек жазу үшін елді аралау керек, тақырыптың, сюжеттің барлығы елдің ішінде» дейтін. Шынында, Халық деген – мұхит, Халық деген – құдірет, Халық деген – Құдай. Сондықтан шығармашылық адымы үшін елдің, халықтың ықыласынан артық ештеңе жоқ, – деді жазушы.

Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрайымы Қарлыға Есімсейітова, қоғам қайраткері Ержан Уәйіс, ақын, Қазақстан Журналистер және Жазушылар одағының мүшесі, Ақпарат саласының үздігі Дүйсенбек Беркінбаев, ардагер-ұстаз, балалар ақыны Рахат Наурызбаева, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Жарасқан Әбдірашев атындағы әдеби сыйлықтың лауреаты Толыбай Абылаев, республикалық «Сыр дидары» газетінің бас редакторы Сәкен Алдашбаев, ақын, журналист Толқын Қабылша Сыр еліне келген қаламгерге жылы лебіздерін білдірді.

БРИФИНГ

Бес мың тонна күріш экспортталды



Суретті түсірген Нұрболан НУРЖАНУЛЫ

Жалағаш ауданында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 200 орындық Оқушылар үйі мен Өнер мектебінің құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандар жыл соңында пайдалануға беріледі. Жаңадан салынып жатқан 10 тұрғын үйдің құрылысы желтоқсан айында аяқталып, тұрғындар қоныс тойын тойлайды. Ауданда атқарылып жатқан ауқымды істер жайында аудан әкімі Асылбек Шәменов өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтып берді.

Сб Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі артқан. Сонымен қатар мемлекеттік қолдаудың арқасында кәсіпкерлікті қолға алған тұрғындар шаруаларын дөңгелентіп отыр. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілер саны 2337-ні құрады. Оның 2157-сі жұмыс істеп тұр. Осы ретте кәсіпкерлікті бастау және дамыту бағытында «Бизнесің жол картасы – 2025», «Еңбек», «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 140 жоба қаржыландырылып, 320 адам жұмыспен қамтылған. Бұдан бөлек, мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар арқылы 30 жоба қолға келді. Аудан-да өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасы арқылы «Толғанай» шаруа қожалығы құрылды. Шаруашылық мал бордақылау және ет өңдеумен айналысатын Сондай-ақ, «UNO Prof Stroib» ЖШС асфальт-бетон құрылыс материалдарын шығаруды қолға алған. Бұл жобалар бойынша қазір тиісті жұмыстар атқарылып жатыр.

Биыл аудан бойынша 36731 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Оның ішінде күріш 21600, жаздық бидай 507, жана жоншықа 3715, картоп 500, көкөніс 1000, бақша дақылдары 1200 гектар жерге орналастырылған. Егін жылдағыдан кем болмады. Уақытылы жинап алынды. Жыл басынан бері 5067 тонна күріш сырт елдерге жіберілген. Оның ішінде Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан және

Тәжікстан елдері бар. Ауданда жылдан-жылға мал басы көбейіп келеді. Қазір 101 кәсіпкер мал шаруашылығымен айналысады. 88 шаруашылық «Сыбаға» бағдарламасының игілігін көруде. Биыл 265 бас мүйізді ірі қара мен 5000 бас қой сатып алу жоспарланып, шаруашылықтар бұл іске кіріскен.

Құрылыста да қарқын бар. Осы орайда Аламесек пен Мәдениет ауылында мал қорымы құрылысына қаржы қаралып, келер жылы аяқталады. Жалағаш кентіндегі бұрынғы емхана ғимаратын бағдарламашы айналындыру үшін қайта жаңғырту жұмыстары басталған болатын. Нысан таяу уақытта бітіп, ел игілігіне беріледі. 100 төсектік орталық аурухана ғимаратына құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілуде. Мұнан өзге Жалағаш кентінде Дене шынықтыру-сауықтыру кешені ғимараты құрылысына жоба сметалық құжаттары әзірленуде. Сондай-ақ, жеке инвестиция есебінен жабық бассейні құрылысы басталды. Мердігер мекеме – «Интегрострой» ЖШС.

Халықты таза ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында Жанаконь және Далдабай елді мекендерін сумен қамту жүйесі қайта жаңғыртылуда. Аудан бюджетінен кент, Мәдениет, Аққар елді мекендерінің ауызу жүйесін кеңейтуге қаржы қарастырылды.

Биыл Мәдениет бағытындағы және Еңбек-Есет батыр ав-

томобиль жолының аралығына орташа жөндеу жұмыстары басталды. Қаракеткен және Таң ауылының кіреберісі жолын жөндеуге қаржы қаралып, жөндеуде. Жалағаш кентіндегі 6 көшенің орташа жөндеу жұмыстарына республикалық бюджеттен қаржы бөлінді. Өткен жылы қайта жаңғырту жұмыстары басталған Аққар ауылы бағытында орналасқан «Оңтүстік коллектор» көпірінің құрылысы толық аяқталды.

Ауданда 1316 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланып, 1363 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспарартығымен орындалған. Нәтижелі жұмыспен қамтудың және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасының бірінші бағыты шеңберінде қысқа мерзімді кәсіптік оқу курсына 46 адам тәмамдаған. Екінші бағыты бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтыған 74 адамға шағын несие берілді. Несие алған 63 адам өз кәсібін ашып, 75 жаңа жұмыс орны құрылды. Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға қайтарымсыз гранттар беру үшін республикалық бюджеттен 139,9 млн теңге бөлініп, 205 үміткердің жобасы қолдау тапты. Бағдарламаның үшінші бағыты да іске асырылып, орындалуда.

«Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы шеңберінде Мақпалкөл, Аққар ауылындағы мектепке күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Пандемияға байланысты 1-4 сынып оқушыларына кезекші сыныптар жасқартылды.

Аудан әкімі мұнан өзге газданудың жайын, денсаулық, мәдениет, спорт салаларында атқарылып жатқан жұмыстардың кенінен баяндады. Пандемияның екінші толқынына дайындық барысының пысықталып жатқанын айтып берді. Журналистер тарапынан сұрақтар қойылып, тұшымды жауап қайтарылды.

Жоба

«Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 62 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі ҚАУ.ЛЫ ЕТЕДІ:

1. «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2020 жылғы 26 маусымдағы № 62 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 7551 нөмірімен тіркелген, 2020 жылғы 3 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Г.Әбдіқалықова

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін жеке қабылдау кестесі

№ р/п	Тегі, аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Жалғасбаев Ергілеу Шынтасұлы	Департамент басшысы	сейсенбі, бейсенбі	11:00-13:00, 16:00-18:00
2	Боранбаева Лиман Отарбайқызы	Департамент басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары	дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	10:00-12:00, 15:00-17:00
3	Нұрбек Жанар Жексенбайқызы	Департамент басшысының медициналық-әлеуметтік сараптама мәселелері жөніндегі орынбасары	дүйсенбі, сәрсенбі, жұма	10:00-12:00, 15:00-17:00

Сенім телефоны

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызметкерлері тарапынан ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) нормаларының бұзылу фактілері туралы, сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың құқықтары бұзылғандығы жөнінде, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мекемелерде «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы», «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» ҚР Заңдары талаптарының бұзылу фактілері туралы 8(7242) 27-01-26 нөмірлі «сенім телефонына» хабарлауға болады.

Іздеу салады

Қызылорда қаласының тұрғыны болған, 1959 жылдың 5 мамырында туылған Абжалиева Құлжахан Низовна 2016 жылдың 17 желтоқсанынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты қызы Абжалиева Айжан Сахметовна іздеу салады. Қызылорда қалық сотының 2020 жылдың 8 қазандағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күнінен бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса, мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 8-777-958-15-91, 8-708-871-16-83.

Бақұл бол, ардақты әріптес



Білім саласының ардагер ұстазы, ардақты әріптесіміз Әбілқасым Әбдікәрімұлы өмірден озды.

Әбілқасым Әбдікәрімұлы ұстаздық қызметін №44 орта мектептен бастап, облыстық білім басқармасының кадр жөніндегі инспекторы, кейін мектеп инспекторы, №7 мектеп-интернатының директоры, №9 кәсіптік лицейде кадр бөлімінің меңгерушісі болып қызметін абыроймен атқара білді. Білікті басы ретінде жас ұрпақты тәрбиелі, саналы, өнегелі, салауатты бо-

Қызылорда облыстық білім басқармасы және білім қызметкерлері кәсіподақ комитеті

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің ұжымы департамент басшысының орынбасары Бекішев Әлібек Ергалиұлына әкесі

Ерғали Бекішұлының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Цифрлық хабар таратудың артықшылығы

Қазақстанда аналогтық хабар тарату желісінің заманы өтіп, цифрлық эфирлік телевизия кезеңі келді. Көптеген телекөрсетімді «Неге еліміз аналогтық телехабар таратудан бас тартып, цифрлық форматқа көшуде?» деген сұрақ мазалап отыр.



Ең алдымен аналогтық телевизияның не екенін анықтайды. Бұл – бейне мен дыбысты тарату үшін аналогтық электр сигналын қолданатын телевизиялық жүйе. Аналогтық хабар тарату кезінде станциядан сигнал антеннаға беріліп, бір жиілікке бір арна бекітіледі.

Аналогтық хабар тарату жүйесі телевизия пайда болғаннан қолданып келе жатыр әрі «цифрлы» ойлап тапқанға дейін телевизиялық кескін мен дыбысты таратудың жалғыз тәсілі болған. Аналогтық хабар таратуда түстің қаняқтығы мен дыбыс тез өзгеретін амплитуда жиілікпен ұсынғылған. Үзіліссіз жинақонда сигнал өзгеріске ұшырап, тысқы әсерден тәуелді болып келеді. Бұл – аналогтық телевизияның басты кемшілігі. Қолайсыз ауа райы – жел, жаңбыр, найзағай кезінде сигнал нашарлап, көрерменге кескін қаз қалпында емес, бұрмаланған жетеді. Телестанцияның алыс орналасуы да сигнал сапасына әсер етеді. Сигнал көзі мен теледидардың ара қашықтығы неғұрлым алыс болса, соғұрлым сапа нашарлай бермек. Қысқасы, аналогтық хабар таратуда бейне мен дыбыс көрерменге төмен сапада жетеді. Осылайша, көгілдір экранда бейне бұдырлап, дыбыс шуммен шығады. Оның үстіне, кезір көптеген фильмдер мен телебағдарламалар цифрлық форматта түсірілгендіктен, аналогтық телевизия бейне мен дыбыстағы арнайы эффектілерді бере алмайды, яғни, аналогтық хабар тарату ескірген, әрі замануи талаптарға сай келмейді. Сондықтан, әлем біртіндеп

аналогтық хабар таратудан бас тартып, цифрлық эфирлік хабар таратуда көшуде.

Цифрлық телевизия 1990 жылдары Еуропада пайда болды. Алғаш рет сигнал Нидерланды мен Германияда сынанктан өткен болатын. 2019 жылғы мәлімет бойынша, дүние жүзінде 70-тен астам мемлекет толықтай цифрлық эфирлік хабар таратуда көшкен. Тағы 60 ел digital-форматқа көшу үстінде.

Қазақстан да әлемдік стандартқа көшіп жатыр. Бұл жұмыстар 2012 жылдан бері жүргізілуде. Цифрлық телевизияны дамыту және ендіру жобасы «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының аясында жүзеге асырылуда. Қазір бір-қатар облыстар цифрлық хабар таратуда толықтай көшті, халықты қамту көлемі 87,37% құрайды. Қазақстанда аналогтық хабар тарату 2022 жылы толығымен аяқталады деп жоспарланып отыр.

Цифрлық хабар таратудың артықшылығы неде? Ең бастысы – айқын бейне мен жоғары сападағы дыбыс. Цифрлық сигнал түрлі бөгет-келерге ұшырамайды әрі телекөрсетімге, тіпті шалғай орналасқан елді мекендерге бастапқы түрінде, шуылыз, бұдырлаусыз жетеді. Тағы бір артықшылық – сигнал таратудың жоғары жылдамдығы. Цифрлық хабар тарату телекөрсетімге жоғары сападағы контентті жеткізеді.

2022 жылы ел тұрғындарының 95 процентін цифрлық эфирлік сигналмен қамтамасыз ету жоспарланған.

«СБ» ақпарат

Жемқорлық жетістікті жоққа шығарады

Сыбайлас жемқорлықпен күресу – бүгінгі күннің күрделі мәселесі. Бұл саяси даму тұрғысынан бір-біріне үксайтын әлем елдерінің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізін лауазымды қылымстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу мен пара беру, паракорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сенім тапсырылған бөтен мүлкіті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жою, құқықтық түсіндіру жұмысының денгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Көпшілік өз құқығын, құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керетін толық білуі қажет. Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін беру үшін «Қазақстан Республикасында қылмысқа

және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі комиссия шаралар туралы» Тұңғыш Президент Жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл Жарлық еліміздегі мемлекеттік органдардың, мемлекеттік ұйымдардың және мемлекеттік қатысу үлесі бар ұйымдардың басшыларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл үшін дербес жауаптылықтарын белгілеген. Құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер мен олардың пайда болуының алдын алуға жүйелі әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кенеске «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген. Сыбайлас жемқорлықтың жетістіктері

жоққа шығаратыны, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоқ. Қоғамның барлық күш-жігерін біріктіріп, осы дерттің одан әрі ұшықпауы үшін оны тоқтатудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде қарсы тұруға болады.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты өз Жолдауында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің жаңа тәсілдерін енгізу қажеттігі туралы айтты. 2021 жылдан бастап мемлекеттік қызметшілердің, депутаттардың, судьялардың шетел банктенінде есепшотқа ие болмауы, қолма-қол ақша және бағалы заттар сақтауына қатысты жемқорлықпен күрес аясында жаңа шектеулер енгізу қажеттігі жөнінде айқындалды. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық деректері туралы хабарланған адамдарды заң жүзінде қорғайтын жүйені қалыптасуы да алға қойды.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – Қазақстан Республикасы азаматтарының ортақ борышы.

Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясы



● ТҰСАУКЕСЕР

Сахна жауһарының жарығы



Қызылорда облыстық филармониясы тұңғыш рет өз артистерінің күшімен операны сахналады. Көрерменге Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсының тұсаукесері тарту етілді.



Иманжаппаров дәл осы сәтінде кәсіби талантты анық аңғартады.

Ал, оқиғаға оралсақ, Абайдың сөзін сөйлеушілерден сескенген олар билер сотына жүгінуден басқа амал таппайды. Осылай шиеленіскен жайт Сырттан билін шешімінен соң жайлы күйге түсіп, жастардың тойы өтеді. Өз айтқандары болмаған Жиренше мен Нарымбет жас талантты ақын Айдарды өлтіруге бел буады. Олар бір қарағанда халықтың мүддесін қорғаушылар сияқты көрінгенімен, өз пайдаларын көздеушілер еді. Осы қастандықтың салдарынан Айдар қыршын кетеді. Кең даланы кернеген Ажардың жоқтауы халық қайғысын қоздатады. Анығырақ айтқанда, театр ғимаратын тербеткен Ажар роліндегі Гүлназ

Нағашыбайдың ашық үні көрерменнің көңіл кірін шайып, қиялын алысқа шақырады. Көз алдымызда ескі заманның ерен оқиғасы көбейеді.

Бұл – өрне, артистердің шеберлігі. Айдар роліндегі көрерменге жақсы таныс өнерпаз Мақсат Мақұлбеков те өз ролін өте нағымды жеткізе алды. Басты ролді сомдағандардың үшеуі де – халықаралық байқаулардың лауреаттары, талантты артистер.

Операға оның қоюшы режиссері Шымкент қалалық опера және балет театрының режиссері әрі солисі, «Мәдениет қайраткері» төселгісінің иегері Қайрат Құлыншақов пен Шымкент опера және балет театрының қосымша 15 музыкант шақырылды. Олардан басқа сахнагерлердің бәрі

де облыстық филармония артистері болды. Опера – бір үлкен өнердің топтастырылған күрделі жанры. Ол – музыка ғана емес, бүгін театр, яғни, біртұтас трагедиялық опера. Бұрын бұл жанрмен жете айналыспаған біздің филармония артистері операны тамаша орындап шықты.

Негізгі рөлдерді – «Құрмет» орденінің иегері Самал Байсейітова және республикалық байқаулардың лауреаттары – Ақылбек Табынбаев, Жалын Жүсіпов, Айбек Хайрулла, Нұрсұлтан Әнуарбеков, Нұртілеу Өтегенов орындап шықты. Көпшілік сахнада «Томирис» би ансамблі, «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы, филармония артистері, Қазанғап атындағы музыкалық колледждің аралас хор ұжымы, Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық академиялық драма театрының актерлары өнер көрсетті.

Қойылымды «Мәдениет қайраткері» төселгісінің, «Құрмет» орденінің иегері Кеулімжай Ботабаев дирижерлік ететін облыстық филармонияның камералық оркестрі сүйемелдеді.

Осындай тамаша операны талай талғампаз көрермен көзінен өткізе алмады. Елде енгізілген карантин талаптарына орай олардың сахна жауһарын «Qyzylorda» телеарнасы мен YouTube әлеуметтік желісіндегі «Сыр шаңырағы» арнасы арқылы тамашалай алатынын еске саламыз.

Талғат МАҚАШЕВ,
облыстық филармонияның директоры

● МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Таза ауа жұтып жүрміз бе?

Кей-кейде ала шаңы шығып жататын біздің өлкенің ауасына кім-кім де күмәнмен қарайды. Рас қой. Үнемі жел, одан бөлек жасыл желектің жайқалып тұрмағаны белгілі. Жылда мыңдаған көшет отырғызып, оттегіні түзейміз деген ынта әркімде де бар. Бірақ, шыбық отырғызу да шырдап іске кіріспейміз. Күтімі аз. Әйтеуір біз еккен бес талдың бір-екеуі ғана бойын тарайды.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Ақмешіттің ауасы қандай?! Көзге көрініп, қолға ұстамаған соң, оның ішінде не болып, не қойып жатқанын біз білмейміз ғой. Ауаны зерттеудің де өз машақаты бар. Кеудеміз сәл қысылса, «ай, осы ауа дұрыс емес» дейтін күдіктің ойға жығыла кететінімізді несіне жасырамыз. Алайда, мамандар жағдайдың қалыпты екенін айтады. Бағамдап көрейік.

Аймақта «Қазгидромет» РМҚ облыстық филиалы жұмыс істейді. Ондағы зертхана бастығы Гүлшат Әмірәлиева ауаның қалай зерттелетінін түсіндіріп берді.

– 2013 жылы қала бойынша екі нүктеге автоматты бекет орнатылды. Одан бөлек, 2007 жылдан бері бір стационарлы бекет жұмыс істейді. Екі автоматты бекет адамдар көп шоғырланатын орын ретінде арнайы ескі базар және облыстық полиция мекемесінің маңына орнатылған. Бекеттің зерттеу радиусы 5 шақырым аумақты қамтиды. Айталық, осы бекеттер көмегімен Белкөл кенті және Махамбет ауылындағы ауа құрамы жайлы ақпарат алуға болады. Бұл жерде әрбір 20 минут сайын азот диоксиді, күкірт диоксиді, көміртегі оксиді және шаң-тозаң көрсеткіші бойынша ауа құрамының жана дерегі жазылып отырады. Ай соңында жиналған мәлімет бойынша сараптама жасалады. Тағы бір тиімді тұсы, жауын-шашынды немесе басқа да қолайсыз ауа райы кезінде бекет тоқтаусыз жұмыс істейді. Әрі мұнда жазылған деректің бәрі автоматты түрде бөлімнің компьютеріне келіп тұрады, – дейді ол.

Автоматты бекеттің жалпы құны 44 миллион теңге. Сапалы қондырғы әзірге сыр бермегені. Мұндай бекеттер Қармақшы ауданына қарасты Төреғам мен Ақайда жұмыс істейді. Ғарыш айлағына жақын орналасқан соң оған құрамын зерттеуге арналған газонализатор құрылғысы Ақайда бекетке қойылған. Маманның айтуынша, зерттеулер нәтижесі көрсеткендей, оған көрсеткіші бойынша да көп ауытқу жоқ. Қалыпты мөлшерде көреді.

Сауір айында «Қазгидромет» мамандары экология департаментімен бірлесіп, зерттеу жүргізіпті. Ондағы мақсат – карантин кезіндегі ауа құрамы қалай өзгергенін білу. Қызығы сол, ауа бұрынғысынан әлдеқайда тазарған. Бұған көлік қозғалысының азаюы, тұрғындар қатынасының шектелуі себеп болса керек.

Көпшілік Аралдың тартылуы, тұздың ұшуы немесе Байқоңырдағы әлсін-әлсін ғарышқа көтерілу ауа тазалығын құртты деп есептейді. Білікті маман ондай пікірді орынсыз екенін алға тартып, тұрғындарды алаңдамауға шақырады.

– Республика бойынша зауыт, фабрикасы бар қалаларға қарағанда, біздің аймақтың ауасы әлдеқайда жақсы көрсеткішке ие. Мысалы, биылғы жартыжылдық қорытындысына қарасақ, облыс ауа тазалығы бойынша жақсы деңгейде тұр. Бұл ластану көрсеткіші төмен деңгей болып есептеледі. Сондықтан жалпы өндірің ауасын таза деп айта аламыз, – дейді Гүлшат Әмірәлиева.



Филиалдағы зертхана күніне үш рет ауаға сынама жасап, талдау қорытындысын шығарады. Айта кету керек, қала бойынша айына бір рет 5 нүктенен үш мезгіл сынама алынады екен. Сондай-ақ әр тоқсан сайын аудандарға барып зерттеу жүргізіледі. Жаңақорған, Шиели ауданы кен өндіреді, Арал маңында тұздың үлесі басым, ал Қармақшы Байқоңыр ғарыш айлағына жақын орналасқан соң зерттеу нысаны ретінде осы аудандар бекітілген.

– «Қазгидрометтің» негізгі міндеті – ауаның, судың құрамына мониторинг жасау. Зертханада ауа құрамынан бөлек, Сырдария өзенінің және Арал теңізінің су құрамына ай сайын 33 компонент бойынша талдау жүргізіледі. Мұндай сәттерде гидрологтар көмегіне жүгінеміз. Сондықтан екі саланың жұмысы бір-бірімен тығыз байланысты деп айтуға болады. Әзірге аймақтағы ауа мен су құрамы тұрақты көрсеткішке ие. Егер зерттеу барысында ластану көрсеткіші жоғары болса қызырлы мекемелерге хабарлаймыз, – дейді зертхана бастығы.

Жергілікті тұрғындар білмеуі мүмкін, бізде облыста 32 метеорологиялық, агрометеорологиялық, гидрометеорологиялық және экологиялық станция мен бекетті құрайтын бақылау желісі бар. Ал тарихы тым әрле. Ең алғашқы метеорологиялық станция біздің өңірде ашылды. Алғаш 1848 жылы жұмысын бастаған «Қазаль» метеорологиялық станциясының қызметкерлері 2005 жылы жоғары сапалы бақылау жүргізгені үшін Швейцария, Женева ДМҰ мақтау грамотасымен марапатталған. Осыдан кейін 1884 жылы «Арал теңізі» метеорологиялық станциясы, 1918 жылы «Жосалы», 1941 жылы «Шірік-Рабат», 1950 жылы Қызылорда қаласы метеорологиялық станциясы, 2011 жылы Қызылорда аэрологиялық станциясы құрылған.

Айтпақшы, оқырман қауымымыздың бірі заманауи ұялы байланыс құралын ұстайтыны белгілі. Айтқым келгені Аіг.кз мобильді қосымшасы жайлы. Осы қосымшаны телефонға жүктеу арқылы ауа құрамын кез келген уақытта бақылап отыруға болады. Жұтып жүрген ауаның сапасын өзі-ақ ақпарат ретінде ұсынады екен.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Көкше өңірінен бастау алған «Абылайдың қара жолымен» атты экспедицияның мүшелерімен кездесу өтті.

Көкше мен Сырдың арасы



Кездесуге облыстық кітапхана қызметкерлері, «Рухани жаңғыру» орталығының мамандары және Қызылорда қаласындағы №140 Абылай хан атындағы орта мектептің мұғалімдері қатысты. Экспедиция жетекшісі, қоғам қайраткері Мұрат қажы Ыдырысұлы және педагогика ғылымдарының кандидаты Жабай Қалиев экспедицияның мақсатымен, жүргізілген жұмыстардың нәтижелерімен таныстырды.

Экспедиция мүшелері облыстық кітапхана қорына және №140 мектеп ұжымына «Абылай ханның қара жолы» атты кітап пен экспедицияның жүріп өткен маршрутын көрсететін картаны табыстады. Кітапқа Елбасы Н.Назарбаевтың «Абылай аңсаған азаттық», Ш.Уәлихановтың «Абылай дәуірі – қазақтардың ерлігі мен серілігінің дәуірі», М.Қозыбаевтың «Қазақтың данқын асырған», Ақселеу Сейдімбектің «Абылай ханның күйлері» сынды мақалалары енген. Сондай-ақ, Ұлы даланың ұлы ханы Абылайдың өмірі мен көрегендігі, дала билерінің кеменгерлігі мен қазақ батырларының ерлігі, жерді қорғау мен сақтап қалуға ерен ерліктері жайлы зерттеулер мен ғылыми еңбектер шоғырланған.

Кездесуге қатысушылар кітапхана ұжымы ұйымдастырған ұлы ойшыл, ғалым, энциклопедист, гуманист Әбу Насыр әл Фарабидің туғанына 1150 жыл толуына арналған «Әл Фараби әлем» және ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толуына арналған «Кемелерліктің биік шыңы – Абай» атты көрмелермен танысты.

«СБ» ақпарат

МЕДИЦИНА: кадр тапшылығы қалай шешіледі?

137 дәрігер керек

Облыста ақ халаттылар тапшылығының бір себебі – ұақтас санының көбеюінде. Денсаулық сақтау министрінің «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2016-2019 жылдар аралығында ұақтас саны арттырылды. Бұрын бір ұақтостегі 2000 адамға бір жалпы тәжірибелік дәрігер жауапты болса, қазір бұл индикатор 1700-ге төмендеді. Мұндай дәрігерді күнделікті тұрмыста орында атауынан қысқартып ВОП деп атап кеткеніміз де рас. Ол – әр отбасының сәбиінен бастап қартына дейін жағдайын білетін маман. Бірақ, қалай қарасақ та, бір дәрігерге 2000 адамды қарау ауыр әрі жауапкершілік те жоғары еді. Сондықтан ұақтас санының артуы елге де, дәрігерге де тиімді. Медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында жүргізілген бұл бағдарлама ашылған уақытта облыс бойынша 423 ұақтас, соған сәйкес 423 дәрігер болған. Ал бағдарлама аясында төрт жыл ішінде қосымша 57 ұақтас ашылды, демек бұл тағы 57 дәрігер қажет болды деген сөз. Осыған орай қазіргі уақытта облыс бойынша 31 жалпы тәжірибелік дәрігерге сураныс туындап тұр.

Аудандарда маман жетіспеушілігі айтарлықтай байқалмағанымен, бұл мәселе облыс орталығында өте өзекті. Облыстық перинаталдық орталық, жұқпалы аурулар ауруханасы, облыстық көпбейінді ауруханаға әлі де дәрігерлер керек. Негізінен жетіспейтіні – реаниматологтар. Өйткені медицина университетін мұндай мамандық бойынша бітіріп келетін түлектер саны аз.

– Біздің кезімізде 7 жылда маман болып шығатыныбыз. Алты жыл бакалавриат, бір жыл

интернатура оқисың, сонда бір маманды дайындауға 7 жыл уақыт кететін. Ал, қазір салалық маман (узкий специалист) 9 жылдан 11 жылға дейін дайындалады. Айталық, неонатальды хирург болам десеңіз, 5 жыл бакалавриат, 2 жыл интернатура, 4 жыл резидентура оқисыз. Реаниматолог маман дайындауға да дәл сондай уақыт қажет. Оқыту уақыты ұзарған сайын қажетті маманды да ұзақ күтуге тура келеді. Медициналық мекемеде бір дәрігер зейнеткерлікке шықса, оның орнына маман келуі үшін қанша уақыт керектігін осыдан-ақ айқын аңғаруға болады, – делі облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Олжас Ысқаков.

Хирург, терапевт, жалпы тәжірибелік дәрігер, гинекологтар 7 жылда білім алып, қызметке кіріссе, эндокринолог, кардиолог, травматолог, реаниматолог, инфекционист болып үшін резидентура оқу қажет.

– Кешегі күнге дейін инфекционист маманға қажеттілік жоқ деп келдік. Бұл мамандарға артық жүктеме де болмаған еді. Ал күрделі эпидемиологиялық кезең басталысымен эпидемиолог, инфекционисттің керек екені білінді. Бірақ, көмек керек уақытта қандай дәрігер болса да науқастардың денсаулығы үшін аянып қалмады, – делі О.Ысқаков.

Айта кету керек, соңғы есеп бойынша аймақта 137 дәрігер жетіспесе, соның ішінде 31 жалпы тәжірибелік дәрігер, 3 пульмонолог, 5 инфекционист, 2 травматолог, 7 неонатолог, 25 реаниматолог, 3 анестезиолог керек.

Мәселені шешу үшін...

Маман жетіспеушілігін шешу үшін биыл бірінші рет басқарма

20 салалық маманға 500 АЕК көлеміндегі үстемалық бермек. Бұл – дәрігердің облысқа келіп, жұмысқа орналасқанын ынталандыру қаржысы.

Ең бастысы, 2016 жылдан бастап өңірде қажетті медицина мамандықтары бойынша 91 резидентке облыс әкімінің гранты тағайындалып, олардың 31-і оқуын аяқтап, медициналық қызмет көрсетуде. Осы мақсатқа 2020 жылы жергілікті бюджеттен 76,4 млн теңге қарастырылған.

Одан бөлек, 2018 жылдан бастап М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетімен жасалған меморандум аясында облыс әкімінің арнайы гранты бөлініп, қазір 100 жалпы тәжірибелік дәрігер жергілікті бюджет қаражаты есебінен даярлануда. Олар оқуын аяқтаған соң, бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарын аймақтық дәрігерлермен толық қамтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, Байқоңыр қаласында ашылған қазақстандық медицина ұйымына қажетті мамандарды тарту және тұрақтандыру мақсатында биыл коммуналдық меншіктегі үйлерден 12 пәтер бөлініп, дәрігерлер тұрғын үймен қамтылды.

Басқарма басшысының орынбасарымен сұхбаттасу барысында аймақта дәрігер жетіспеуінің осындай бірнеше себебі бар екенін білдік. Облысқа жыл сайын 100-ге жуық жас маман келгенімен, көбі отау құрып, қызметінен уақытша демалыс алып жатады. Оған пульмонолог, инфекционистке деген суранысты арттырған коронавирус індетін қосыңыз.

Соңғы жағдай басты байлық – денсаулықтың қалірін ұқтырды да, дәрігерге деген құрмет пен қолдауды күшейтті. Ендіше болашақ медицина мамандарының «бітіргенін жұмысты қайдан іздеймін» деуіне негіз де жоқ. Қызмет бар, тек олардың міндеті – сапалы білім алу.